

В то же время в сказке отражаются народные обычаи, игры, соревнования, которые обу чают мужеству, силе, смелости, ловкости.

Песня сопровождала любое важное событие в жизни человека. Народ понимал, что такие чувства, как любовь к родине, гордость за свои народ, ответственность и героизм, должны «впитываться с молоком матери». И уже в колыбельных песнях тема патриотического воспитания находит свое отражение.

История Казахстана рассматривается как самобытная история казахского народа и в то же время как органичная часть Евразии, кочевых и степных цивилизаций, тюркских народов, а также как часть мировой истории. Территория Казахстана никогда не была изолирована, и прошлое страны и населявших ее народов неразрывно связано с прошлым евразийских степей, всего огромного центральноазиатского региона. Поэтому в преподавании истории Казахстана, наряду с особенностями менталитета, культурными стереотипами и традициями коренного этноса, необходимо показать то социокультурное взаимодействие народов, синcretичное единство, которое имело место в регионе с древности и по настоящий период.

Таким образом, именно изучение исторического прошлого способствует созданию логически взаимосвязанной, целостной системы знаний и формированию чувства гордости за свою Родину, воспитанию у молодежи казахстанского патриотизма и активной гражданской позиции.

## ЖАҢА ҚОҒАМДАҒЫ АЗАМАТТЫҚ ТӘРБИЕНИҢ МӘСЕЛЕЛЕРИ

**Байдилдина А.К.**

«Қостанай қаласы әкімдігінің білім бөлімінің №7 орта мектебі» ММ

«Адамгершілікке тәрбиелеу құралы – еңбек пен ата-ана үлгісі», – деп ұлғы ағартушымыз Ұбырай Алтынсарин айтқандай тәуелсіз мемлекетіміздің болашағына тұтқа болар білімді де білгір, білікті азаматтар даярлау-бүгінгі күннің келелелі мақсаттарының бірі. Сондықтан да мектептегі оку-тәрбие жұмыстары мен педагогикалық ғылым жүйесінде бұрыннан жинақталған мол тәжірибелері тиімді жақтарын сұрыптай пайдалану-оку орындағы басты міндеттердің бірі.

Сонымен қатар, қазіргі қоғамдық-әлеуметтік үрдістерге сай, жаңаша түсініктаныммен жан-жақты білім беру, келешектің әмбебап маман мұрагерлерін дайындау міндеті қойылып отыр. Елімізде жас үрпаққа кең ауқымда жан-жақты тәрбие беру мәселесіне аса зор мән берілуі-уақыт талабы. Мемлекетіміздің ертеңі мен болашағына иелік етіп, тұтқа болар жеткіншектеріміздің білікті де білімді, алғыр да арлы ізгілік парасаты биі, ой санасы терен, қажырлы да қайратты нағыз бесасспап азамат етіп тәрбиелеу біздің басты мақсатымыз. Әр баланың бойындағы талап-талғамдарын арттырып, өмірге, жақсы қасиеттерге құштарлық сезімдерін байытып, өсіреле рухани сезімдерін барынша молайтып, құш-қуатын, жігерін шындау-абыройлы міндеттіміз.

Еліміз талай ғасырға созылған мәдени бүркемелікті жойып, өзінің ұлттық тілін, елінің тарихын, тәуелсіздік саясатының дәйектілікпен жүзеге асуы негізінде егемендігіне ие болды. Сондықтан қоғам дамуының қазіргі кезеңде жаңаша ой-пікір мен педагогикалық көзқарастар қалыптасып келеді. Нәтижеде әлеуметтік ғылымдардың ауқымдылығы кеңейіп, оларды зерттеу жан-жақты толыға түсуде. Бүгінгі таңда жас үрпақтың бойына имандылық, инабаттылық қасиеттерін сіңіру және оның негізін қалау-борышымыз, парызымыз. Осылан орай, өз халқының рухани қазынасымен, оның ұлттық мәдениетімен, салт-дәстүрімен тәрбиелейтін ғылыми педагогиканы қоғамдағы азамат тәрбиесіне пайдалану-кезек күттірмейтін мәселе.

Үрпақтарымызды имандылыққа баулу үшін олардың ар-ұятын оятып, намысын қорғап, мейірімділік, қайырымдылық, көпшілдік, ізеттілік сияқты қасиеттерді жастарадың бойына сіңіру, қазақ халқының ігі дәстүрін айқындалап, насиҳат етіп отыру-әрбір отбасының, мектептің, ұлттың парызы.

Жаңа кезеңдегі білім берудің өзекті мәселеісі жас үрпаққа-адамгершілік-рухани тәрбие беру. Құнды қасиеттерге ие болу, рухани бай адамды қалыптастыру оның туған кезінен басталуы керек.

Балаларда ортақ пайдалы жұмысты істеуге тырысу, бір нәрсемен шүғылдану, ортақ мақсат қою және оны жүзеге асыру ісіне өздері қатысуға талпының пайда болады. Мұның бәрі де баланың жеке басының қоғамдық бағытын анықтайды, оның өмірге белсенді үстенімін бірте-бірте қалыптастырады. Әр баланың жеке басы- оның моральдық дамуы

үшін қамқорлық жасау- бүгінгі күннің және алдағы күндердің талабы, оған педагогтың күнделікті көңіл бөлуі талап етіледі. Оның тәртібі, іс-қымылды, балалар және үлкендермен қарым-қатынасы балалар үшін үлгі бола отыра, педагогтың ықпалы әсерлі енеді, баланың жеке басы қалыптасады. Оның ықпалы негұрлым белсендірек болса, баланың сезімдерін жан-жақты қамтыған сайын, олардың ерік күшін жұмылдырып, санасына ықпал етеді. Мәселен, ойында ұнамды әдеттер, өзара қарым-қатынастар, адамгершілік сезімдер қалыптасады, еңбекте-еңбек сүйгіштік, үлкендер еңбегін құрметтеу, сондай-ақ ұйымшылдық, жауапкершілік, парыздың сезімі сияқты қасиеттер, патриоттық сезімдер жайлы мағ-лұматтар. т. б. қалыптасады.

Тәрбиенің негізгі мақсаты- дені сау, ұлттық сана сезімі оянған, рухани ойлау дәрежесі биік, мәдениетті, парасатты, ар-ожданы мол, еңбеккор, іскер, бойында басқа да игі қасиеттер қалыптасқан үрпақ тәрбиелеу.

Руханилық жеке тұлғаның негізгі сапалық көрсеткіші. Руханилықтың негізінде адамның мінез-құлқы қалыптасады, ар-ұят, өзін-өзі бағалау және адамгершілік сапалары дамиды. Мұның өзі мейірімділікке, ізгілікке шақырады. Рухани-адамгершілік тәрбие-бұл дұрыс дағдылар мен өзін-өзі ұстая дағдыларының нормалары, ұйымдағы қарым-қатынас мәдениетінің тұрақтылығын қалыптастырыады. Жеке адамның адамгершілік санасының дәрежесі оның мінез-құлқы мен іс әрекетін анықтайды.

Санаңың қалыптасуы-ол баланың мектепке бармастан бұрын, қоғам туралы алғашқы ұғымдарының қалыптасынуна, жақын адамдардың өзара қатынасынан басталады. Баланы жақсы адамгершілік қасиеттерге, мәдениетке тәрбиелеуде тәрбиелі адаммен жолдас болудың әсері күшті екенін халқымыз ежелден бағалай білген.

Адамгершілік тақырыбы- мәңгілік. Ол ешқашан ескірмек емес. Жас үрпақтың бойына адамгершілік қасиеттерді сіңіру- ата-ана мен ұстаздардың басты міндепті. Адамгершілік әр адамға тән асыл қасиеттер. Адамгершіліктің қайнар бұлағы- халқында, отбасында, олардың өнерлерінде, әдет-ғұрпында. Әр адам адамгершіліктің күнделікті тұрмыс-тіршілігінен, өзін қоршаған табиғаттан бойына сіңіреді.

Көрнекті педагог В. Сухомлинский «Егер балаға қуаныш пен бақыт бере білсек, ол бала солай бола алады», – дейді. Демек, шекіртке жан-жақты терең білім беріп, оның жүргегіне адамгершіліктің асыл қасиеттерін ұздіксіз ұялата білсек, ертеңі азamat жеке тұлғаның өзіндік көзқарасының қалыптасуына, айналасымен санаусына ықпал етері сөзсіз. Қай заманда болмасын адамзат алдында тұратын ұлы мұрат-міндеттерінің ең бастысы-өзінің ісін, өмірін жалғастыратын салауатты, саналы үрпақ тәрбиелеу.

Үрпақ тәрбиесі – келешек қоғам тәрбиесі. Сол келешек қоғам иелерін жан-жақты же-тілген, ақыл-парасаты мол, мәдени-ғылыми өрісі озық етіп тәрбиелеу -біздің де қоғам алдындағы борышымыз.

Адамгершілік тәрбие-балалардың адамгершілік сана-сезімін, мінез-құлқын қалыптастыруды қамтиды. Дәлірек айтқанда, адалдық пен шыншылдық, адамгершілік, кішіпейілдік, қоғамдағы және өмірдегі қарапайымдылық пен сырпайлық, үлкенді сыйлау мен ибалық адамгершілік тәрбиесінің жүйелі сатылап қамтитын мәселелері.

Адамгершілік тәрбиесінің әрқайсысының әрекшеліктерін жетік білетін ұстаз халық педагогикасын ғасырлар бойы қалыптасқан салт-дәстүрлерді, әдет-ғұрыпты жан-жақты терең білумен қатар, өркениетті өмірмен байланыстыра отырып, білім берудің барлық кеңендерінде пайдаланғаны дұрыс. Ата-ананың болашақ тәрбиесі үшін жауапкершілігі үрпақтан үрпаққа жалғасуда.

Балаларды адамгершіліке тәрбиелеуде ұлттық педагогика қашанда халық тәрбиесін үлгі ұстайды. Ал, адамгершілік тәрбиелеудің бірден-бір жолы осы іске көзін жеткізу, сенімін арттыру. Осы қасиеттерді балаға жасынан бойына сіңіре білсек, адамгершілік қасиеттердің берік ірге тасын қалағанымыз. Адамгершілік- адамның рухани арқауы.

Өйткені адам баласы қоғамда өзінің жақсы адамгершілік қасиетімен, адамдығымен, қайырымдылығымен ардақталады. Адам баласының мінез құлқына тәрбие мен тәлім арқылы тек біліммен ақылды ұштастыра білгенде ғана сінетін, құдіретті, қасиеті мол адамшылық атаулының көрініс болып табылады.

Халық педагогикасы-нәрестенің сезімін ананың әуенімен ояттын бесік жырлары, даналыққа толы мақал-мәтелдер, жұмбақ-жаңылтпаштар, қиял-ғажайып ертегілері, ойндары, тәрбиелеп өсіру негіздері адамгершілік ииеттерге баулиды. Олай болса, адамгершілік тәрбие беру кілті- халық педагогикасында деуге болады. Рухани-адамгершілік тәрбиесінде алдымен баланы тек жақсылыққа-қайырымдылық, мейірімділік, ізгілікке тәрбиелеп, соны мақсат тұтса, ұстаздың, ата-ананың да болашағы зор болмақ. «Мен үш қасиетімді мақтан тұтам», – депті Ақан сері. Олар: жалған айтпадым, жақсылықты сатпадым һәм ешкімнен ештецені қызғанбадым.

Бұл үш қасиет әркімнің өз құдайы. «Өз құдайынан айырылған адам бос кеуде, өлгеннемен тен» деген еken. Шындығында бұл ақиқат. Олай болса, жеке тұлғаны қалыптастыруды, олардың жан дүниесіне сезіммен қарап, әрбір іс-әрекетіне мақсат қоюға, жоспарлауға, оны орындауға, өзіне-өзі талап қоя білуге тәрбиелу – адамгершілік тәрбиенің басты мақсаты. Мақсатқа жету үшін сан алуан кедергілер болуы мүмкін. Ондай қасиеттерді бала бойына жас кезінен бастап қалыптастыру жеке тұлғаны қалыптастырудың негізін қалайды.

«Еліміздің күші- патшада, сәбидің күші- жылауында» демекші, біздің күшіміз, қорғанышымыз, сеніміміз- адамгершілігімізде болуы керек. Ол үшін Ақанның осы үш қасиетін бала бойына дарыта білсек-ұлы жеңіс болары анық.

Ұлттық салт-сананың қалыптасуы сол үрпақтың құрамындағы жеке тұлғаның иғі әдеттерінен басталады. Халықтың үрпақты әдептілікке тәрбиелейтін ұлағатты иғі дәстүрін айқындал, жастарға насиҳат етіп отыру-әрбір қазақтың борышы.

Жасөспірімдеріміздің бойына адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру жолы халықтық, ұлттық тәрбие тағылымдарымен ұштастырылып жатыр. Ұлттық салт-дәстүрімізді қайтада жаңғыртып, қалпына келтірудің ең таңдаулы жолы жас үрпақта өз елінің халықтық педагогикасын оқыту болып табылады.

Ұлттық тәрбие-біздің үрпақтан-үрпаққа жеткізетін асыл қазынамыз. Ұлттық тәрбие салаларының мақсаты-талғамы жоғары, үлкенге ізет, кішіге құрмет көрсететін, өз халқын сүйетін азamat тәрбиелу. Жас үрпақты жоғары мәдениетті, парасатты адам етіп тәрбиелу қазақ тілі мен әдебиет пәнінің маңызы ерекше. Тіл, мен әдебиет сабағы рухани байлық, адами құндылықтарды қалыптастыруға қызмет етеді. Білім берудің негізгі сатысында қазақ тілін оқытудың мақсаты-ана тілінің қоғамдық-әлеуметтік мәнін түсінген, тілдің қызметін жүйелі менгерген, коммуникативтік біліктілігі дамыған дара тұлға даярлауға мүмкіндік туғызу. Бұл мақсатты орындау үшін танымдық және практикалық бағыттағы бірнеше міндеттер қойылады:

- оқушының лингвистикалық дүниетанымын қалыптастыру;
- тілдің қоғамдық маңызын түсіндіру;
- оқушылардың логикалық ойлауын, шығармашылық қабілеттін арттыру;
- тіл факторы арқылы оқушының рухани дүниесін жетілдіру, ұлтжандылыққа тәрбие-леу;
- сабактарда пәнаралық байланыс арқылы қоғам, табиғат туралы өмірге қажетті қағидаларды үйрету;
- сауаттылығын арттыру, тіл мәдениетін қалыптастыру;

Әдебиет пәні оқушыларды өз халқының мәдени мұраларымен таныстыра отырып, жалпыадамзаттық рухани байлықтарды игеруге жол салады. Адам және қоғам жайындағы оқушы түсінігімен тәжірибесін реттейді, мәдениетін көтереді, идеялық сенімін терендедеді, қоғам алдындағы жауапкершілік сезімін ұштайты. Әдебиет пәнінің негізі-көркем шығарма. Жас үрпақтың сана-сезімін ұлттық озық дәстүрде қалыптастыру мәселесі қай кездегіден де батыл қойылып отырған бұл күндері әдебиет пәнінің қадір-қасиеті бұрынғыдан да арта түсүде. Халықтың рухы оның әдебиетінде барынша көрініс тапқан. Әдебиет пәні халықтың салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, тұрмыс-тіршілік болмысын, халықтық психологияны оқушы сана-сезіміне сініре отырып, этникалық-мәдени топтың мүшесі ретінде әлеуметтік тұрпат қалыптастыруға атсалысады. Елдің әдеби, мәдени қазынасын, салт-дәстүрін білуі керек екенин ескерсек, қазақ халқының тәлімдік, танымдық рухани мұрасының жағымды қырларын бала бойына дарытуда қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мүмкіндігі шексіз екендігін білеміз. Ой мен қиялға ерік бере отырып, ой әрекетті белсенділікке, дербестікке тәрбиелейді. Тапқыр сөйлеуге, өзін-өзі тәрбиелей білуге, өзін-өзі жетілдіре білуге, өзін-өзі сыншыл болуға үйретеді. Окушы бойындағы қабілетті, мақсатты, қызығуды дамытады, сенім мен көзқарасты қалыптастырады, санасын тәрбиелейді. Оқушылардың көркем шығарманы өздігінен талқылап, оған баға беруі олардың әдеби біліміне, образды ойна, елестетушілік қабілетіне, байқағыштығына, поэтикалық сөзді сезінуіне, жалпы алғанда тарихи әдеби білім қорына тікелей байланысты.

Халықтардың ұлттық ерекшелігі мен ұлттық психологиясына, салт-дәстүріне мән бермеү үрпақтар арасындағы байланыстың жойылуына алып келетіндігін тарих көрсетті. Қазақстан республикасының «Білім туралы» Заңын жүзеге асыруға арналған тұжырымдамада «Қоғамдық мыздың іргетасын нығайту үшін, ең алдымен, адамгершілік, ізеттілік, имандылық тәрбиесін бойына жинаған білімді, парасатты үрпақ тәрбиелу керек» деп көрсетілген. Қоғамдық жаңартулар адамгершілік тәрбиесі мәселесін шешетін әдістерді талдап, тиімді жолдарын табу талабын қойды.

Егеменді ел жастарының санасына ұлттық қасиеттерді сініре білудің мәні зор. Ақынжанды, ақжарқын, шешен, өткір, өнерпаз, өнегелі халқымыздың ғасырлар бойы қалыпта-

қан тәлім- тәрбиелік өдөттері мен ережелері, рәсімдері мен салт-саналық дәстүрлері жас үрпақтары жан жүйесіне әсер етіп, санасына сіңсе, ұлттық мәдениетті игерген иман жүзди, инабатты үрпақ жалпыадамзаттық асыл қасиеттерге ие болады.

Жас жеткіншектер мектеп қабыргасында жүргенде-ақ, өз еліне, ұлтына, жеріне де-ген сезімі қалыптасады. Бүгінгі өскелең уақыт талабына сай білім беруді одан әрі жетілдіру мәселесі толассыз, үздіксіз күн сайын өзгеріп турған өлеммен бірге қатар жуері анық. Осыған орай, оқушылардың ой-өрісін үздіксіз дамыту, ол үшін жаңа технологияларды көн-нен пайдалану қажет.

Бүкіл дүниежүзілік білім беру кеңістігіне кіру мақсатында қазіргі кезде Қазақстанда білімнің жаңа жүйесі құрылуда. Бұл үрдіс педагогика теориясы мен оқу-тәрбие үрдісіне нақты өзгерістер енгізумен қатар елімізде болып жатқан түрлі бағыттағы білім беру қызметіне жаңаша қарауды, қол жеткен табыстарды сын көзben бағалай отырып саралауды, жастардың шығармашылық әлеуетін дамытуды, мұғалім іс-әрекетін жаңаша түрфыда үйымдастыруды талап етеді. Педагогика ғылымында баланы оқыту мен тәрбиелеу мінде-ті-жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру болып табылады.

Жас мемлекеттік мектеп оқушылары. Оларға бірдей талап қойып, олардың табиғи қабілеттерін, нақты мүмкіндіктерін анықтап, соған негіздел оқыту-бүгінгі күннің өзекті мәселесі.

Қай заманда болмасын адамзат алдында түрған ұлы мұрат-міндеттердің ең бастысы-өзінің ісін, өмірін жалғастыратын салуатты саналы үрпақ тәрбиелеу. Үрпақ тәрбиесі келешек қоғам қамын ойлау болып табылады. Сол келешек қоғам иелерін жан-жақты же-тілген, ақыл парасаты мол, мәдени-ғылым өрісі озық етіп тәрбиелеу біздің де қоғам ал-дындағы борышымыз. Ал білімді, мәдениетті, іскер, еңбекшіл азамат тәрбиелеуді адамзаттың ақыл-оіймен мәдениетінің дамуындағы бағалы байлықтың бәрін игере отырып және оны бүгінгі үрпақтың санасына ұтаздық шеберлікпен біртіндел сініру арқылы жүзеге асыруға болады. Оқушыларды жан-жақты қабілетті азамат етіп өсіруде халықтың салт-дәстүрлерінің тәлім-тәрбиелік, білік-танымдылық маңызы орасан зор.

Бүгінгі егеменді еліміздің білім беру жүйесі дұрыс жолға қойылып, оқушылардың білігі мен біліктілік, дағды, ұғым шеберліктерін кеңейтіп, сапалы да іргелі білім беру ісі баршамызды жұмылдырған игілікті іс болып отырғаны белгілі. Халқымыздың мәдени мұра, рухани құндылықтары мен қазыналары ұлттық рухта насиҳатталып, өскелең үрпақтың білімі мен тәрбиесіне бағытталған игілік болып отырғаны зор қуаныш. Дамыған мемлекеттердің білім беру жүйесі және педагогикалық ұстанымдары мен оқыту барысындағы жетістіктері келер үрпақтың саналы да парасатты болып тәрбиленуіне үлкен ықпал етері сөзсіз. Ендеше үлт жалғасы болар үрпақ, өскелең жас, алдыңғы қатарлы мемлекеттер көшіне ілесу үшін сапалы білім иесі, шебер маман қажет. Откен тарихымыз, мәдени мұрамыз, рухани құндылықтарымыз оқыту жолдары арқылы жүзеге асады. Ал оқыту мәселесі, сауаттылық батыл қадам жасауларына алға шарт болды. Эрине, заман талабына сай оқыту мәселесі жаңаша қырынан түрленіп, ғылыми түрғыдан толығып, әдістемелік жағынан жетілп отыруды қажет етеді.

Тәуелсіз мемлекеттік мектептердегі жалпыға бірдей білім беретін мектептерде білім мазмұнын игерту, оқу әрекетін үйымдастыру әдістеме саласының күн тәртібіндегі өзекті мәселесіне айналып отыр. Іргелі білім бастауыш сыныптан бастау алады десек, ал құллі ғылымдар ана тілі арқылы игерілетіні мәлім. Бұл орайда ана тілінің, яғни қазақ тілінің, грамматикалық түрфыдан дұрыс игерілуи бүгінгі жаңашыл технологиялар мен сабактың типтері, құрылымдық түрлерінің ерекшелігі негізінде іске асады.

Жалпыға бірдей білім беретін мектептерде білім мазмұнын игерту, оқу әрекетін үйымдастырудың сан алуан бағыты бар түрдери пайда болды. Оқыту түрлерінің өзгерістерге ұшырауы мұғалім мен оқушылардың іс-әрекетінің заман талабына сай және ғылыми-техникалық жетістіктерге байланысты екені баршамызға мәлім.

Сабак-оқыту әрекетін үйымдастырудың негізгі өзегі болып табылады. Сабак-бул ұстаз берілген тілде жаңа мәдениеттің қалыптасады, дамиды. Сонымен қатар, оқушылар жаңа ғасыр азаматына тән жан-жақты, шығармашылық түрфыдан кемелденген жеке тұлға ретінде қалыптастып, оның өмірге, қоғам-дық ортаға деген көзқарасы, адамгершілік рухы қалыптасады.

Оқыту үрдісінің көздеңген нысанасы-жеке тұлғаны, оның қабілеті мен дарындылығын білім мазмұнына сүйене отырып дамыту болып келеді. Әрбір сабак үрдісі, өсіресе, қазақ тілі сабактары ғылыми мазмұны терең әдістемелік түрфыдан сапалы, қисын түрфысынан қилюласқан мұғалімнің шығармашылық әрекеті.

Оқыту әрекетін үйымдастыруда психологиялық бірлік өлшемінің де өзіндік маңызын ешкім жоққа шығармайды. Бұл арнада оқушылардың танымдық іс-әрекетіндегі белсененділік дағдысы ұқыптылық пен жинақтылық түйсігі, қабылдау, ойлау, зейін сынды психологиялық үрдіспен тығыз байланыста келетіні анық. Бұл бірлік өлшеме іс-әрекет пен таным мотивтерін жасауды қөздейді. Сонымен қатар, психологиялық бірлік өлшемі оқушылардың дербес ерекшеліктерін есепке алуды, ескеруді талап етеді. Білім беру барысында білім мазмұнын ғылыми әрі практикалық түрғыдан игертуде психологиялық бірлік үйымдастыру бірлігімен тығыз байланыста болған жағдайда оқыту үрдісі нәтижелі болмақ.

Тұлға бойындағы шығармашылық, ізденімпаздық пен танымдылық қасиеттерінің оның ой түпкірінде жасырынып жатқанын байқап, қажетіне қарай пайдалану тақырыптың өзекті мәселесі болып отыр.

Танымдылық мұдделерді қабылдау мүмкіндігін үлғайтып және өлемнің шынайы болмысын менгеру, жеке тұлғаның даму жүйесін қүшетеді. Осылайша танымдылық, ғылыми ізденушілікті педагогиканың маңызы анықталады: жаңа өлемге аяқ басқан жас адам өз қүшін шығармашылық еңбекке бағыттай отырып, білімде-оны дамытуға жағдай жасайтын тұрақты танымдық мұддеге ие болады. Бұл мақсаттың алуан түрлілігі мен шешілуйінің курделілігі-білім беру жүйесінен тек қана оқудың дәстүрлі түрін және оқыту әдісін қарқындуату мен мектептегі оқу-тәрбиелік үрдісті жетілдіру ғана емес, білім беру жүйесіне оқушыларды ғылыми ізденіске баулитын қосымша түрін енгізу. Қосымша білім беру мен тәрбиеде тұлғаның мәселелерін шешуге шақыратын адамгершілік құндылықтар ерекше мәнге ие болады. Бұл мүмкіндіктер көптеген тәжірибелер арқылы белгіленді, мұны оқушылардың өзіндік-шығармашылық, ғылыми-ізденушілік қасиеттерінің түрлі пәндер аясында жүргізілген зерттеулерінен көруге болады.

Оқушыларды адамгершілікке тәрбиелеуде ақын-жазушылардың шығармашылығын көнінен қолдану. Бұл материалдар оқушыларға адам туралы, олардың әр түрлі психологиялық мінез-құлқы туралы экономика, мәдениет, қоғамдық-саяси өмір, тарихи өтпелі кеңеңмен өз өлкесінің бүгінгі адамдары туралы білуге осының бәрімен танысуға мүмкіндік тұтынады. Ал одан әрі бұл қасиеттерді бекіте түсү үшін бұл жұмысқа сыйыптан тыс және мектептен тыс іс-шараларды жемісті үйымдастыру керек.

Қазіргі уақытта қолданылып жүрген оқушылардың ғылыми дағдысын үйымдастыру жүйесі: әр түрлі ғылыми қоғамдар, үйірмелер және т.б бұл шаралар көптеген оқушылардың өзіндік-ізденушілік дағдылары арқылы қалыптасады. Оқушылардың ғылыми-ізденушілік дағдысы түрлеріне талдау жүргізетін сан алуан әдебиеттер бар. Оқушылардың танымдылық, ғылыми-ізденушілік дағдысы мұражайлардағы үйірмелер мен ғылыми қоғамдар арқылы оқушылар тараپынан қызығушылық тудыратын шаралар болып табылады.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Азамат ақыл ойдың қазынасы.4 том. «Психология». Алматы 2005.- {6.475}.
2. Бала тәрбиесі № 2 2006 ж , № 4 2008 ж.
3. «Өзіндік таным» № 2 2007 № 5-6 2006 ж.
4. Аймауытов Ж.. Тәрбиеге жетекші Орынбор, 1924 ж.
5. Сатыбаев С. Халық әдебиетінің тарихы негіздері – Алматы: 1992ж.
6. Баймұратова. Б. Отбасындағы баланы мектепке дайындау, – Алматы: Шартарап, – 2000 ж.

## ОПЫТ ДУХОВНО-НРАВСТВЕННОГО ВОСПИТАНИЯ УЧАЩИХСЯ НАЧАЛЬНЫХ КЛАССОВ

**Балтабаева С.И.**

*ГУ «Майкольская средняя школа отдела образования Костанайского района»*

На современном этапе развития общества перед общеобразовательной школой ставится задача подготовки ответственного гражданина, способного самостоятельно оценивать происходящее и строить свою деятельность в соответствии с интересами окружающих его людей. Решение этой задачи связано с формированием устойчивых нравственных свойств личности школьника. В настоящее время общепризнанным является факт, что возрождение и совершенствование духовно-нравственного воспитания как неотъемлемой части целостного образовательного процесса является одним из ведущих направлений системы образования и имеет особое значение в содержании воспитания младших школьников.